

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі
Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ**

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Құдықағаш ауылы

2023-2024 оқу жылы

Мазмұны

1- тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.....	2
2- тарау. Кадрлық құрамға талдау.....	3
3- тарау. Білім алушылар контингенті.....	14
4- тарау. Оқу-әдістемелік жұмыс.....	16
5- тарау. Оқу материалдық активтер	46
6- тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор	49
7- тарау. Білім алушылардың білімін бағалау	51
8- тарау. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.....	54
9- тарау. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.....	54
10-тарау. Қорытындылар мен ұсыныстар	55

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі
Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындысы**

I тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

I.1 Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Каппасов Орал Кабиевичке «Ақмола облысы бойынша 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі» 25.06.2021 жылғы бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Садвакасов Алтай Ногербекович	Мектеп директоры
Шарипова Раушангуль Кенжебаевна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
Сапарова Бакыт Тулегеновна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Жумагулов Даулеткельды Мубаракович	Кәсіподақ төрағасы
Калиева Зейнегуль Борамбаевна	Математика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет және құрылтай құжаттары:

Білім беру мекемесінің толық атауы: "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Заңды мекен-жайы: 020706, Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Біржан сал ауданы Құдықағаш ауылы С.Шарипов көшесі 20.

Заңды тұлға: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Байланыс телефоны:8 (71639) 2-00-26

Электрондық мекен-жайы: kuduk-sh.51@yandex.kz

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

http://sc0013-birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2023/6/19/190623_101827_prikaz-o-nazn.pdf

Мектеп директоры Садвакасов Алтай Нөгербекұлы 2016 жылы 12 қазан айынан бастап Еңбекшілдер аудандық білім бөлімінің №02-02/99 бұйрығымен Құдықағаш ауылының орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары

1. «Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақмола облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақмола облысы әкімінің аппараты».

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 21 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 29 сәуір.

3. . Мектептің техникалық паспорты 2013 жылы 25 шілдеде жасалған. Сериясы –, қабат саны-2, құрылыс ауданы-1024,2, ғимараттың ауқымы-6826, жалпы алаң-2509,8, салынған жылы-1988 жыл.

4. «Құдықағаш ауылының Р.Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 05.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысының әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтар №А-1/3 қаулысымен бекітілген;

http://sc0013-birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2023/6/16/160623_153015_ghary-1.pdf

5. Бизнес идентификациялық нөмірі - 970140004036

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама талоны):

http://sc0013-birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2023/6/16/160623_154913_15.pdf

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 8 ақпан 2021 жылғы KZ40LAA00022373 мерзімі– шектелмеген

Оқыту тілі: қазақша

Оқу ауысымы: 1

2-тарау. Кадрлық құрамға талдау

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер:

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер

http://sc0013birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2024/6/19/190624_104010_7-osymsha.pdf

Педагогтердің білімі туралы құжат, қайта даярлау туралы сертификаттар;

<http://sc0013birzhansal-aqmo.edu.kz/content/2023-2024-uchebnyy-god>

3-тарау. Тәрбиеленушілердің контингенті

3-қосымша

Мектепке дейінгі білім беру қызметінің үлгілік қағидаларына және мектеп жарғысына негізделген топтар мен сыныптар жасақталған.

Шағын орталықта топтардың жасақталуы: 2020-2022оқу жылдары 2 топ жасақталған. Топтардың атауы «Балапан» тобы (2-3 жастағы балалар) және «Балдаурен» тобы (3-4 жастағы балалар). Аралас жастағы тәрбиеленушілер саны 20 баладан аспайды.

Оқу жылы	Топтын/сыныптардың атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Топтардағы шектік тәрбиеленушілер саны	Толық күнге келетіндер	Жарты күнге келетіндер
2022-2023	Қазақ тілінде оқытылатын мектепалды даярлық сыныбы (5жас)	қазақша	7	7	-	7

Топтардың саны

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024
Мектепалды даярлық сыныптар саны	МАД-1	МАД-1

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Топтың атауы	2022-2023 оқу жылы I жартыжылдық				2022-2023 оқу жылы II жартыжылдық				2022-2023 оқу жылы Жылдық қорытынды			
	Оқу ж. басында	келді	кетті	Барлығы	Оқу ж. басында	келді	кетті	Барлығы	Оқу ж. басында	келді	кетті	Барлығы
Мектепалды даярлық сынып	7	-	-	7	7	-	-	7	7	-	-	7

Тәрбиеленушілерді мектепалды даярлық сыныпқа қабылдау электронды және қағаз өтініші негізінде қабылданады. Мемлекеттік қызмет жүзеге асырылады. egov.kz "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және ЭЦҚ бойынша ата-аналар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 275 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын Мемлекеттік қызметке ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін ата-аналарға құжаттар тізбесі туралы ақпарат берілген. Электрондық түрде қабылдау 1 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Барлық құжаттар бумаға тігіліп, мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алу журналы жүргізіледі.

Бағаланатын кезең бойынша мектепке дейінгі білім алатын тәрбиеленушілерден ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленуші болған жоқ.

Үлгілік оқу жоспарында белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

Апталық жүктеменің көлемі:

2022-2023 оқу жылы

1) Мектепалды даярлық сыныбы оқыту қазақ тілінде (5 жас)-20 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут;

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

Мектепалды даярлық сыныбының

ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2022-2023 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет/Балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы ҮІӨ саны (ұйымдастырылған іс - әрекеті)
1	Дене шынықтыру		3 сағат	105
	Қимыл белсенділігі	күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	70
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын		
	Көркем әдебиет		2 сағат	70
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын		
	Қазақ тілі		2 сағат	70
	Қазақ тілі	күн сайын		
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат	105
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын		
4	Математика негіздері		3 сағат	105
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын		
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат	70
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын		
6	Шығармашылық, бейнелеу әрекеті	күн сайын		
	Сурет салу		1 сағат	9
	Мүсіндеу			9
	Жапсыру			9
	Құрастыру			8
7	Музыка		2 сағат	70
	Шығармашылық, музыкалық, қимыл әрекеті	күн сайын		
	Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы	25-30 минут		
	Барлығы	20		
Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс – әрекетінің жалпы көлемі		20 сағат		700

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

Мектепке дейінгі білім беру мектеп жарғысы негізінде 1 сыныпқа қабылданғанға дейінгі талаптар сақталған.

Мектепалды даярлық сыныптарының оқу мерзіміне қойылатын талаптар

2022-2023 оқу жылы:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығының негізінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

а) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

ә) МАД сыныптарда – 35оқу аптасы, ұйымдастырылған оқу қызметі – 25-30 минут.

2022-2023 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

МАД сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31қазан-6 қараша аралығында), қысқы –9күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023жылғы 8қаңтар аралығында), көктемгі –9күн (2023жылғы 18-26 наурыз аралығында), қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында)

Ай және тоқсан бойынша оқу күні және апта саны

I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Барлығы	Жыл бойы
8апта2 күн	8 апта	9апта	9 апта3 күн	35	35

ДЕМАЛЫСТАР

КҮЗГІ

30.10.21-05.11.22

ҚЫСҚЫ

29.12.22-07.01.23

КӨКТЕМГІ

21.03.23-31.03.23

ҚОСЫМША

05.02.23-11.02.23

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
АЯҚТАЛУЫ

25.05.2024

4-тарау. Оқу-әдістемелік жұмыс.

Оқыту нәтижесіне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Оқу жұмыс жоспары,

<http://sc0013birzhansal-aqmo.edu.kz/content/5830-05-06-24-16-12-14-2023-2024-uchebnyy-god>

Тексерілді:

1. 2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары мектеп директорымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген үлгілік қағидалары басшылыққа алынған.

2. 2023-2024 оқу жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен 3-қосымшасы басшылыққа алынды.

Оқу жұмыс жоспары мен оқу сабақтарының кестесі, күн тәртібі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің жұмыс оқу жоспары мектеп және оқушы компоненттерінен тұратын вариативті компонентті қамтиды.

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

Оқу жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі:

Перспективалық жоспар:

<https://cloud.mail.ru/public/YYVK/C8BPbQ6pw>

<https://cloud.mail.ru/public/bgVu/zB7EvEsQP>

Циклограмма:

<https://cloud.mail.ru/public/YYVK/C8BPbQ6pw>

<https://cloud.mail.ru/public/bgVu/zB7EvEsQP>

«Ақмола облысы білім басқармасының Біржансал ауданы бойынша білім бөлімі

Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы ЖОБББМ» КММ

жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды даярлық сыныпқа бағаланатын кезеңді талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің күн тәртібі, перспективалық жоспар, циклограмма тексерілді.

Талдау нәтижелері: Мектеп құрамында 2023-2024 оқу жылдары Жарғыға мектепалды даярлық сыныбы жұмыс істейді.

Оқу жылы	Топтың/сыныптардың атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны
2023-2024 оқу жылы	Қазақ тілінде оқытылатын мектепалды даярлық сыныбы (5жас)	қазақша	3

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында тәрбие мен білім беру процесі Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (3-қосымшасы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген бекітілген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - Үлгілік оқу жоспарлары) сәйкес жұмыстық оқу жоспары жасалған.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала

отырып құрылды. **2023-2024** жылғы қазақ тілінде оқытылатын мектепалды даярлық сыныбының балаларының оқу жоспары.

МАД оқыту қазақ тілінде ұйымдастырылған іс-әрекеті (5 жастағы балалар)

Дене шынықтыру-3 сағат

Сөйлеуді дамыту – 2сағат

Көркем әдебиет – 2сағат

Қарым-қатынас іс-әрекеті -күн сайын

Қазақ тілі -2сағат

Сауат ашу негіздері-3сағат

Қарым-қатынас іс-әрекеті,танымдық іс-әрекет-күн сайын

Математика негіздері -3сағат

Танымдық іс-әрекет,Зерттеу іс-әрекеті-күн сайын

Қоршаған ортамен таныстыру-2сағат

Қарым-қатынас іс-әрекеті,танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекеті,еңбек іс-әрекеті - күн сайын

Сурет салу – 1сағат

Мүсіндеу

Жапсыру

Құрастыру

Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті - күн сайын;

Музыка-2сағат

Барлығы: 20сағат

2020-2023 оқу жылдары МАД сыныбы мен шағын орталықтың оқу жұмыс жоспары үлгілік оқу бағдарламасымен сәйкес келеді.

Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламасына (вариативті) сәйкес жүзеге асыру;

2022-2023 оқу жылында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазанындағы № 422 бұйрығына қосымша бекітілген оқу бағдарламаларына негізге алына отырып, перспективалық жоспарлары құрылып, білім беру қызметін жүзеге асырылды.

Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды мектепалды даярлық сыныптарында балаларда қалыптастыру;

- тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

-оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

- тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі сақталуда.

Топтардың атауы	Оқу қызметінің түрі	2022-2023ж ТОБ ҚР Оқу ағарту мин 03.08.2022ж №348 бұйрығы
МАД қазақ сыныбы 5 жас	Инварианты сағат саны	Ұйымдастыру іс-әрекеті 7 бөлімнен тұрады
	Вариатив (таңдау пәні) сағат саны	-
	Оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі	Күн сайын қайталанады 20 сағат

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) әрбір білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша және МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттер көлемін игеру. Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: перспективалық жоспар мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограмма, білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарлары (карталары), әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдары ТБДО. Талдау нәтижелері: баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру, оның ішінде арнайы ортаны құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру дағдылары бойынша ұйымдастырылды.

«Ақмола облысы, Біржансал ауданы, Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы ЖОББМ» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2022-2023 оқу жылындағы әдіскердің жұмысының жылдық жоспары бар және бекітілген.

Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алды.

2020-2022 жылдары 5 күндік жұмыс аптасымен жұмыс жасайды.

МАД сыныбына қабылданғанға дейінгі балаларға болуы қарастырылған, балалардың толық (8сағат) және жарты күн (4сағат) болуымен,МАД сыныбының ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту жүзеге асырылады.

«Ақмола облысы,Біржансал ауданы ,Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы ЖОБББМ» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қағидалары мен мектеп жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алынған.

МАД-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылауды қамтамасыз етеді.

Мектеп директорымен тәрбиеленушілердің заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы шағын орталыққа қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

6-тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

«Ақмола облысы,Біржансал ауданы,Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы ЖОБББМ» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МАД тобының тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметінде оқу-әдістемелік кешендерді тиімді қолдана біледі. Балалардың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлау іс-әрекетін, ақыл-ой белсенділігін дамыту мақсатында «Санамак», «Ақбота», «Балбұлақ» өлеңдер мен әңгімелер жинағы, «Сиқырлы кітап» кітабын, «Балдырған», «Айгөлек» журналдарын т.б оқу-әдістемелік жинақтарды жиі пайдаланады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жасайды.

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.

7-тарау.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып,толардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсаты болып табылады.

Міндеті:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);

- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар бар.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдар мынадай негізгі міндеттерді атқарады.

1.Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау .

2.Тәрбиеленушілердің дене зияткерлік және жеке тұлғалық дамуының қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайларды жасау.

3.Сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету.

4.Азаматтылықты Қазақстандық патриотизмді адам құқығымен бостандықтарын құрметтеуді қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

5.Баланың толық қанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимыл жасау .

Жыл бойы шағын орталық балалары перспективалық жоспар бойынша балапан тобының оқыту нәтижелері төмендегідей болды.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы;

Мектеп жасына дейінгі балаларда жылына 3рет мониторинг парағы жүргізіледі.

Бастапқы,аралық және қорытынды.Сонымен қатар жылына 1рет әр балаға жеке даму картасы қоса жүріледі.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің талдауы жасалады,үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып,тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдануы жасалады.

Бағаланатын кезеңге баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесі,даму мониторингінің бастапқы нәтижелері,тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері және балалардың жеке даму картасы қоса беріледі.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы)болуы және нәтижелерін талдау.

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің мониторингінің, жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері
Талдау нәтижелері: мектепалды даярлық сыныбының оқушылардың дамуының бастапқы,аралық,қорытынды мониторингін ұсынды.

Мониторинг жүргізудің әдістері мен тәсілдері: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын білу;

-Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;

-мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;

-диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын игеру деңгейін есептеу әдістерін;

-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің *критерийлері* (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін:

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1) бірінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.


2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3) үшінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады.

2023-2024 оқу жылы											
Деңгейі	«Физикалық дамыту дағдысы»		«Коммуникативт ік дағдыларды дамыту»		«Танымдық және зияткерлік дағдылары»		«Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»		«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»		Пайызы (%)
	бала саны	%(пайыздық) үлесін анықтау	бала саны	%(пайыздық) үлесін анықтау	бала саны	%(пайыздық) үлесін анықтау	бала саны	%(пайыздық) үлесін анықтау	бала саны	%(пайыздық) үлесін анықтау	
I	6	86%	6	86%	6	86%	6	86%	6	86%	86%
II	1	14%	1	14%	1	14%	1	14%	1	14%	14%
III	-	-%	-	-%	-	-%	-	-%	-	-%	-%

Деңгейі	Бастапқы Ескі мониторг бойынша (Стандарт №192,№412)	Аралық Жаңа мониторг бойынша (Стандарт №348,№394,№422)	Қорытынды Жаңа мониториг бойынша (Стандарт №348,№394,№422)	Жылдық
I	1-14%	3-43%	6-86%	48%
II	3-43%	3-43%	1-14%	33%
III	3-43%	1-14%	0%	19%

2023-2024 оқу жылдары аралығындағы білім сапасының диаграммасы



Мектепалды даярлық сынып

Физикалық қасиеттері Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.

Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.

Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша" жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.

Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен "жыланша" төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру

(арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктікке секіру.

Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).

Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Барлық индикатор дағдыларына ие.

Коммуникативтік дағдылары Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.

Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.

Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Барлық индикатор дағдыларына ие.

Танымдық және зияткерлік дағдылары

жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрайды; жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді; 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі; "Қанша?", "нешінші?" сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді; теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығарады; әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы); заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды; заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады; заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады; геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды; қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды; қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды; заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі; пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; түрлі сызықтарды салады. Барлық индикатор дағдыларына ие.

Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы бойынша:

заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді;түстерді өз қалауы бойынша таңдайды;бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі;өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады;сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады; парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады; жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады; қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады;оюды өз бетінше ойдан салады;ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды;ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады;қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі. Барлық индикатор дағдыларына ие.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді;енбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді;өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді;туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі;үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады;қолынан келгенше көмектесуге тырысады;отбасы мүшелерін жақсы көреді, оларға алғыс айтады, сыпайы сөйлейді;өз ойын түсінікті жеткізеді, өзінің пікірін айтады;заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды; ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын біледі; айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады;енбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды;мемлекеттік рәміздерді біледі;мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатысады;Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді; Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді;қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді;өз Отанын жақсы көреді, Қазақстан әскері туралы түсінігі бар; Кеңес Одағының батырларын біледі, оларды құрметтейді;өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі;енбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады;сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады;айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады. Барлық индикатор дағдыларына ие.